

Жаңақала ауданы әкімінің кейбір шешімдерінің күші жойылды деп тану туралы

Батыс Қазақстан облысы Жаңақала ауданы әкімінің 2022 жылғы 3 қарашадағы № 16 шешімі. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2022 жылғы 8 қарашада № 30454 болып тіркелді

Қазақстан Республикасының "Құқықтық актілер туралы" Заңының 27-бабына сәйкес, **ШЕШТІМ:**

1. Осы шешімнің қосымшасына сәйкес, Жаңақала ауданы әкімінің кейбір шешімдерінің күші жойылды деп танылсын.

2. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Жаңақала ауданының әкімі

Д. Закарин

шешіміне қосымша
акима Жангалинского района
от 3 ноября 2022 года № 16

Жаңақала ауданы әкімінің күші жойылған кейбір шешімдерінің тізбесі

1. Жаңақала ауданы әкімінің 2021 жылғы 4 мамырдағы № 5 "Техногендік сипаттағы төтенше жағдай жариялау туралы" шешімі (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 7102 тіркелген).

2. Жаңақала ауданы әкімінің 2021 жылғы 14 шілдедегі № 7 "Жаңақала ауданы аумағында жергілікті ауқымдағы табиғи сипаттағы төтенше жағдайды жариялау туралы" шешімі (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 23575 тіркелген).

3. Жаңақала ауданы әкімінің 2021 жылғы 22 шілдедегі № 9 "Жаңақала ауданы аумағында жергілікті ауқымдағы табиғи сипаттағы төтенше жағдайды жариялау туралы" шешімі (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 23669 тіркелген).